



***Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ғылым академиясының академигі,  
заң ғылымдарының докторы, профессор  
Салық Зиманұлы Зиманов  
90 жаста***

## **Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі С.З. Зимановтың өмірбаяны**

Зиманов Салық Зиманұлы 1921 жылғы 19 ақпанда Гурьев облысында (қазіргі Атырау) дүниеге келген.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасының ғылымына еңбек сіңірген қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақ академиялық университеттің ректоры қызметінде болған.

1948 жылы Бүкілодақтық заң институтында жоғары заң білімін алып, заңгер кәсібінің иесі болды. Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтында ғылыми-ізденушілік жұмыстарын жүргізіп, 1950 жылы «Бөкей Ордасының қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбына заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмысты сәтті қорғайды. 1961 жылғы 13 қаңтарда «18 ғ. соңы және 19 ғ. алғашқы жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбында заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмыс қорғайды. Отандық заң ғылымына қосқан қомақты үлесі үшін С. Зиманов 1967 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының академигі атағын иеленді.

Қазақстандағы ең алғашқы заң білімін беретін жоғары оқу орны – Алматы мемлекеттік заң институтының директоры (1952-1955 жж.) қызметін атқарып, еліміздегі заң білімінің қалыптасуына себепкер болған ғалымдардың бірі. 1958 жылдан 1969 жылға дейін ҚазКСР-нің Ғылым академиясының Философия және құқық институтының директоры болып, отандық заң ғылымының қалыптасуы және дамуына үлкен үлес қосқан. 1995 жылдан 2004 жылдар аралығында Қазақ академиялық университетінің ректоры қызметін атқарған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Комитеттің төрағасы және Жоғарғы Кеңес Төралқасының мүшесі болды. Жаңа Конституцияның жобасына қатысты сараптама тобының жетекшісі, Конституциялық комиссияның мүшесі (1992-1993 жж.), Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның жобасын дайындау жөніндегі жұмыс топтарының жетекшісі, ҚР Парламентінің бірқатар заң шығарушы комиссияларының мүшесі болған.

С. Зимановтың ғылыми-зерттеу аясына саяси-құқықтық ілімдердің теориясы мен тарихы, конституциялық және өзге де құқық салалары кіреді. Ол 300-ден астам ғылыми еңбектердің, 20-дан астам монографиялардың авторы

Салық Зиманұлы 60 жылдан астам уақыт бойы Ғылым академиясында, жоғары оқу орындарында докторлық және кандидаттық диссертацияларға жетекшілік жасап, диссертациялық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған. Оның жетекшілігімен 10-нан астам ғылым докторлары мен 100-ге жуық заң ғылымдарының кандидаттары қорғады.

ҚазКСР-і ғылымының еңбегі сіңген қайраткері, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Президенттік бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының, 2001-жыл қорытындысы бойынша ғылым, техника және білім саласы бойынша ҚР-ның мемлекеттік сыйлықтың иегері. ҚР-ның «Халықтар Достастығы», «Парасат» және «Отан» ордендарымен марапатталды.

### **Аса құрметті Салық Зиманұлы!**

Сізді кемеңгерлік танытар кемел жасқа толумен байланысты мерей тойыңызбен өзімнің және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ұжымының атынан шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз.

Сіздің өмірлік жолыңыз, саяси-құқықтық көзқарастарыңыз және осы уақытқа дейінгі мемлекет пен қоғам үшін жасаған еңбектеріңіз арнайы ғылыми-зерттеудің пәні болатыны анық. Себебі оны бір баяндаманың немесе құттықтау хатының көлемінде сипаттап өту мүмкін емес.

Сіздің ұрпақ басынан кешірген Ұлы Отан соғысы талай қазақ баласының өмірін қыршын етті. Сол соғыстың басынан аяғына дейін қан майданға қатысып, төрт мәрте жарақаттанып, ел үшін жаныңызды қатерге тігу, бойыңыздағы батырлық пен қайсарлықтың, отаныңызға деген патриоттық сезімнің айқын көрінісі.

Бейбіт кездегі өміріңізді толығымен ел үшін, халық үшін, мемлекеттің өркендеп дамуы үшін арнағаныңыз баршаға мәлім. Қазақтың заң ғылымы мен білімінің қалыптасуы және одан әрі дамуы Сіздің көз алдыңызда өтуде. Сіз ең алғаш заң ғылымдарының докторы дәрежесін алған, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі болып сайланған қазақ ұлысыз. Ғылыми еңбектеріңіздің нәтижесінде Кеңестік үкімет қазақ қоғамының саяси-құқықтық құрылымын, қазақтың әдет құқығын жақсы жақтарынан таныды. Жекелеген еңбектеріңіз қазақ әдет құқығын әлемдік деңгейге көтеріп, ғылыми қауымның арасында қазақтың тарихына деген жаңа көзқарастар қалыптастырды.

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіз ел болып, жаңадан қалыптасып жатқан тұсында Сіздің кәсіби заңгер, жанашыр азамат, ұлт патриоты ретінде жасаған еңбегіңіз зор. Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық бағытын, реформа жүргізудегі бастамашылығын қолдап, оның құқықтық кеңестігін жасауға үлес қосып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, Егемендік туралы Декларация жобасын жазып, қабылдануына атсалысқан кездеріңіз бүгінгі саясаткерлер мен заңгерлердің жадында жүреді.

Сіздің ғалым және педагог ретіндегі орныңыз жоғары мәртебеге ие. Сіздің қолыңыздан білім алып, дәрісіңізді тыңдаған ұл-қыздарыңыз бүгінгі күні еліміздің заң шығару, сот, прокуратура және өзге де құқық қорғау органдарының тізгінін ұстап отырған лауазым иелері болды. Ғылыми жетекшілігіңізбен бірнеше буын ғылым кандидаттары мен докторлары

қазақстандық заң ғылымының қатарына қосылды, келесі ұрпаққа қымбат қазына ретінде қалатын көптеген ғылыми еңбектеріңіз жарық көрді.

Сізге зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілеймін. Сізді шығармашылықтың шарықтау кезіне келді және отандық заң ғылымына қосар үлесіңіз мол деп білемін!